

1993 жылы туылған азаматтарды Әйтеке би ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесінде тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 17 шешімі. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда № 3-2-88 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2010.11.30 № 8 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптары негізінде аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылдың 18 қаңтар мен 31-і наурыз аралығында Әйтеке би ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелу жасы 17-ге толатын 1993 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, тұрақты немесе уақытша Әйтеке би ауданының аумағында тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға қатысты шығындар жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Әйтеке би ауданы орталық ауруханасы (Ж.Қ.Қасымов) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі қарамағына бөлсін;

1) бекітілген құрамға сәйкес тіркелетіндерге медициналық куәлік беруді жүргізу үшін дәрігер – мамандарды;

2) тіркелетіндерге медициналық құжатармен сапалы және толық қамтамсыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) дәрігер-мамандарды және медбикелерді қосымша тексеруден өткізу үшін, тіркелетіндердің саны көбеюіне байланысты;

4) дәрігер-мамандардың резервтегі құрамын;

5) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді, құралдарды және дәрі-дәрмектерді.

3. Медициналық комиссия жұмысы үшін 2010 жылға қажетті қаражатты жоспарлау аудандық қаржы бөліміне (А.Сапаровқа) жүктелсін.

4. Меншік түріне қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындарының басшылары;

1) тіркеуге жататын азаматтарға хабар берсін, оларды аудандық шақыру пунктіне шақырсын және олардың бұл шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыруға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындауға қажетті уақытқа олардың жұмыс (оқу) орындарындағы айлығын (стипендиясын) сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босатсын.

5. Аудандық білім бөлімінің бастығы (Б.Құдайбергелұлы) Қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен (И.Тұрғанбаев) бірлесе отырып, аудан мектептерінде оқитын барлық 1993 жылы туылған жасөспірімдерді толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асырсын. Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ жасөспірімдерді кейіннен күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқитындай етіп, есепке алсын.

6. Аудандық ішкі істер бөліміне (А.Доданов) тіркеуді жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адамнан тұратын полиция нарядын бөлсін.

7. Аудандық әділет басқармасына (Ж.Байбашева), аудандық сотқа (М.Жарқынбеков) меншік түріне қарамастан органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабында қарастырылған міндеттердің орныдалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Селолық округтер әкімдері Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің талабы бойынша әскерге шақырылатын жасқа дейінгілер мен әскерге шақырушыларды шақырту пунктіне шақырылғандығын хабарласын және уақытында келуін қамтамсыз етсін.

9. Әйтеке би ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы (И.М.Тұрғанбаев) Азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету шараларын алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2010 жылдың 10 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Рахметовқа жүктелсін.

11. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Қ.Есенбаев

Аудан

әкімінің

№ 17

24

желтоқсандағы

2009

ж.

шешіміне қосымша № 1

1. Әйтеке би ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу жүргізу үшін комиссия мына құрамда құрылсын:

Тұрғанбаев - Әйтеке би ауданы Қорғаныс
Иманғазы Мамбетазыевич істері жөніндегі бөлімі
бастығы, комиссия төрағасы

Отешов - Әйтеке би аудан әкімі
Қуанышбай Айтмағамбетұлы аппаратының бас маманы

Комиссия мүшелері:

Оразбаев - аудандық ішкі істер бөлімі
Әділбек Жақсыбаевич бастығының тәрбие және кадр
жөніндегі орынбасары

(келісім бойынша)

Жакибаева - дәрігер терапевт медициналық
Назгул Жұмажановна комиссияның төрағасы

(келісім бойынша)

Кузнецова - мейірбике, комиссия хатшысы

Людмила Александровна (келісім бойынша)

Резерв:

Сыбаев - ауданының қорғаныс істері
Қази Елубаевич жөніндегі бөлімі бастығының
орынбасары

Жусупов - Әйтеке би аудан әкімі

Шынболат Турганбайұлы аппаратының жетекші маманы

Резервтік комиссия мүшелері:

Жауқаров - аудандық ішкі істер
Ерлан бөлімінің қызмет жөніндегі
орынбасары (келісім бойынша)

Тасименова - дәрігер- терапевт

Агиля Казмағанбетовна (келісім бойынша)

Бимағанбетова - мейірбике

Айгул Сакенаевна (келісім бойынша)